

## Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1218 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін

2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 3

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N        1 2 1 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

### Мазмұны

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің миссиясы және пайымдау

2. Ағымдағы ахуалды талдау

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қызметінің стратегиялық бағыттары, даму мақсаты және негізгі индикаторлары

4. Функционалдық мүмкіндіктер және қатер-менеджменті

5. Негізінде Стратегиялық жоспар әзірленген нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

6. Бюджеттік бағдарламалар тізбесі

**Миссиясы.** Халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға жәрдемдесу

**Пайымдау.** Лайықты еңбектің ілгерілеуін және әлеуметтік қорғаудың конституциялық кепілдерінің іске асырылуын қамтамасыз етуші мемлекеттік орган

## 2. Ағымдағы ахуалды талдау

Мемлекет басшысының "... халықтың барлық буындарының өмір сүрудің жоғары сапасы мен озық әлеуметтік стандарттарына" қол жеткізу жөніндегі тапсырмаларын іске асыру жөніндегі жұмыс адам капиталын дамытумен байланысты мәселелерді алдыңғы қатарға шығарды.

Адам капиталын дамыту үшін лайықты еңбекке қол жетімділікті ұлғайтудың ерекше маңызы бар.

Мемлекет басшысы бірнеше мәрте атап көрсеткеніндей, жұмыспен қамту саясаты кедейлікті еңсеру мен адамдардың әл-ауқатын арттыруда ең пәрменді құрал болып отыр.

Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арналған халықты жұмыспен қамту бағдарламасын іске асыру шеңберінде өнімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін бос жұмыс орындарын белсенді іздестіру және іріктеу, жұмыссыздар мен халықтың нысаналы топтарының басқа да өкілдерін оқыту, қайта оқыту және біліктілігін арттыру; қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру; әлеуметтік жұмыс орындарын құру, бос орындар жәрмеңкелерін өткізу, жастар практикасын ұйымдастыру және т.б. пайдаланылды.

Елімізде жыл сайын екі жүз мыңнан астам жұмыс орындары, оның жартысынан астамы - ауылдық жерлерде құрылды. 2005-2007 жж. Жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеп барған бес жүз мыңнан астам азаматтардың 87% жұмысқа орналастырылды; 55,5 мың жұмыссыз кәсіптік оқытуға және қайта даярлауға жіберілді. Жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау мақсатында міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілді және атаулы әлеуметтік көмек беріледі.

Тұрақты экономикалық өсу аясында қабылданған шаралардың нәтижесінде 2007 жылы жұмыспен қамтылған халықтың саны 7,6 млн. адамға дейін көбейді (2006 жылғы 7,4 млн.), ал жұмыссыздық деңгейі 7,8%-дан 7,3%-ға дейін төмендеді.

Қазіргі заманғы еңбек нарығының сипатты тренді шетелдік жұмыс күшін тартудың көбеюі болып табылады. 2007 жылы қазақстандық кәсіпорындар мен ұйымдарда 58,8 мың шетелдік мамандардың еңбегі пайдаланылды, бұл олардың 2005 жылғы санынан екі еседен астам артық. Ішкі еңбек нарығын және жергілікті қызметкерлердің мүддесін қорғау, Қазақстан Республикасы азаматтарының жұмыспен қамтылуы мен жалақысына әсерін барынша азайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілейді және оның орындалуын бақылайды, шетелдік мамандарды жергілікті кадрлармен алмастыру саясатын жүргізеді.

Сонымен бірге, қазақстандық еңбек нарығындағы ахуалда проблема да жоқ емес, олардың заңды еңбек нарығындағы ең маңыздары: жұмыс күші сапасының төмендігі мен тиімсіз жұмыспен қамтудың (экономиканың еңбекті көп қажетсінетін салаларында жұмыс істейтіндердің үлес салмағы жоғары) орын алуы болып табылады. Өзін өзі

жұмыспен қамтыған халықтың саны әжептәуір (оның ішінде 1,3 млн. адам өзінің жеке үй шаруашылығымен айналысады), көлеңкелі жұмыспен қамту да сақталып отыр.

Жұмыссыздық сақталуда, әсіресе жастар мен әйелдер жұмыссыздығының деңгейі жоғары.

Болашақта (2012 - 2020 жж.) жұмыс күшінің тапшылығы болжануда, бұл ХХ жүз жылдықтың 90-жылдарындағы қолайсыз демографиялық ахуалмен байланысты.

Ішкі еңбек нарығындағы ахуалдың дамуы экономиканың жаһандануымен және алда тұрған Қазақстанның ДСҰ-ға енуіне байланысты әсерлерді көбірек сезінуде.

Мұндай жағдайда жұмысынан (жұмысының болмауы) айрылу қатерін басқару Министрліктің және жергілікті уәкілетті органдар қызметінің стратегиялық басты бағыты болып табылады.

Еңбек қатынастарын реттеуде мыналарды:

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің қабылдануын; қауіпсіздік және еңбекті қорғаудың халықаралық стандарттарының енгізілуін; әлеуметтік әріптестікті дамыту және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті арттыру жөніндегі жұмысты;

еңбек заңнамасының сақталуын бақылауды; қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың енгізілуін;

азаматтық қызметшілердің еңбекақы жүйесін жетілдіруді атап көрсету қажет.

Еңбек қатынастарын дамытудың негізгі тенденциялары мен Мемлекеттік еңбек инспекциясы мен Министрліктің еңбек қатынастары мәселелерімен айналысатын өзге де бөлімшелерінің жұмыс нәтижелерін талдау еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарының енгізу, өндірістік жарақаттанудың төмендеуі; әлеуметтік әріптестік релінің артуы мен аясының ұлғаюы; еңбекақының өсуі сияқты оң тенденцияларды дәлелдейді. Мысалы, еліміз бойынша орташа айлық жалақы 2006 жылғы 40 775 теңгеден 2007 жылы 53 238 теңгеге көбейген. Бұл ретте бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақы деңгейі өткен жылы 30 % арттырылған болатын.

Сонымен қатар, еңбек саласын одан әрі дамыту стратегиясын айқындауда мынадай проблемаларды да назарға алу қажет:

1. Ұжымдық-шарттық қатынастардың жеткілікті дамымауы. Барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың 16 % сәл ғана астамы ұжымдық шарттармен қамтылған.

2. Өндірістік жарақаттанудың біршама жоғары деңгейінің сақталуы.

3. Еңбекақы деңгейінің әлі де біршама төмендігі (әсіресе, бюджеттік салада және ауылда).

4. Еңбекақының өсуі мен еңбек өнімділігі қарқынының сәйкессіздігі.

5. Еңбек заңнамасының бұзылуы.

Осыған байланысты, еңбек құқықтарының бұзылуы қатерін басқару министрлік

жұмысының екінші стратегиялық бағыты болуға тиіс.

Көші-қон саясатын іске асыру да министрлік құзіретіне жатады.

Еуразия құрлығындағы басқа да елдер сияқты Қазақстан да - еңбек және этникалық көші-қонның, транзиттік және заңсыз көші-қон ағындарының айтарлықтай өсуінің әсерін бастан кешіруде. 2004 жылдан бастап елімізде көш-қонның оң сальдосы сақталып отыр.

Ішкі көші-қонның жандануы соңғы жылдардағы ерекшелік болып табылады. Жалпы еліміз бойынша соңғы бес жыл ішінде бұған бір жарым миллионнан астам, оның ішінде 1 млн. астам ауыл тұрғындары қатысқан. Ішкі мигранттардың негізгі бөлігі - еңбекке жарамды жастағы адамдар (шамамен 75 % 15-тен 39 жасқа дейінгілер).

Қазақстан шетелде тұратын көпшілік қазақ диаспорасының мұң-мұқтажына жауап беретін этникалық көші-қон саясатын жариялаған және іске асырып жатқан елдердің біреуі болып табылады. Қуғын-сүргін және қудалау ұжымдастыру және аштық жылдарында елден кетуге мәжбүр болған қазақтар тарихи отанына қайта оралуға нақты мүмкіндік алды. 1991 жылдан бастап 2007 жылдар аралығында республикамызға жалпы саны 651 299 адам 165 861 этникалық қазақ отбасылары (оралмандар) көшіп келді. Соңғы жылдары елге келген оралмандардың нақты қатары олардың көші-қон квотасынан айтарлықтай асып отыр.

Көші-қон процестерін және оралмандарды әлеуметтік қорғау жөнінде қабылданып жатқан шараларға қарамастан, көші-қон саласында:

ішкі көші-қон процестерінің бытыраңқы түрде дамуы;  
шетелдік жұмыс күшін пайдалану тиімділігінің жетіспеушілігі;  
заңсыз көші-қонның сақталуы;

тарихи отанында оралмандардың баяу бейімделуі және кірігуі байқалады.

Осы проблемаларды шешу және кіріктіруді пайдалану үшін көші-қон процестерін басқару министрлік жұмысының үшінші стратегиялық бағыты болмақ.

Жоғарыда аталған бағыттармен қатар, адам дамуын жақсарту шаралары әлеуметтік қамсыздандыруды ұйымдастыруды да қамтиды.

Соңғы жылдары ол көп деңгейлі үлгі шеңберінде дамып келеді. 2005 жылы базалық зейнетақы төлемінің енгізілуі мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшерінің дәйекті арттырылуы конституциялық кепілдіктерді базалық деңгейде іске асыру жағдайын біршама жақсартты.

Ынтымақты зейнетақы мөлшері жыл сайын инфляция деңгейінен ілгерілеп индекстелді (2007 ж. ең төмен ынтымақты зейнетақы мөлшері 7236 теңгені; орташа мөлшері - 10823 теңгені құрады). Жинақтаушы зейнетақы жүйесі дамуда. 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (ЖЗҚ) жұмыс істеді; зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы бір триллион теңгеден асты (1 208,1 млрд. теңге). Инвестициялық таза табыс - 339,7 млрд. теңгеге жетті. Зейнетақы қорларымен шарт жасасқан адамдардың бірыңғай тізімі 7,5 млн. адамды қамтиды. 2005

жылдан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілуде.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау және оларды оңалту, кіріктіру жөніндегі жұмыс 2005 жылы қабылданған "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы және Мүгедектерді оңалтудың 2005 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылуда. Осыларға сәйкес негізгі күш-жігер мүгедектіктің алдын алуға; мүгедектерді тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етудің халықаралық стандарттарын енгізу; заманауи оңалту және медициналық-әлеуметтік мекемелер мен ұйымдар тапшылығын еңсеру; мүгедектердің заманауи техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнайы қозғалыс құралдарына деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталды.

Осындай оң өзгерістерге қарамастан, әлеуметтік қамсыздандыру деңгейі әлі де б а р а б а р б о л м а й о т ы р .

Мысалы, 2007 жылы табысты алмастыру ставкасының, инфляцияның өсуі жағдайында базалық төлемді ескергенде зейнетақы төлемдерінің сатып алу қабілеті 25,9 %-ға дейін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан берілетін төлемдерді ескергенде, мүгедектігі және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін әлеуметтік жәрдемақылардың сатып алу қабілеті 24-25%-ға дейін төмендеуі байқалды.

Мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды жаңарту (жекелеген жағдайларда әзірлеу) Әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылды. Базалық әлеуметтік норматив - ең төмен күнкөріс деңгейі (ЕТКД) анықтамасына айтарлықтай өзгеріс енгізілді. Тұтынудың нақты құрылымын ескере отырып азық-түлік себетінің құрамы қайта қаралды және көбейтілді, ЕТКД құрылымы өзгерді, бұл 2005 жылға қарағанда ең төмен күнкөріс деңгейінің шамамен 40% көбеюіне әкелді. Бүгінде базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшері осының негізінде есептеледі. Әлеуметтік-еңбек саласындағы стандарттар мен нормативтердің басым бөлігі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, " Халықты жұмыспен қамту туралы ", " Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық а к т і л е р м е н б е к і т і л д і .

Алайда, әлеуметтік саланы стандарттау әлі де аяқталған жоқ. Мемлекеттік әлеуметтік стандарттардың болмауы және жетілдірмеуі әлеуметтік қамсыздандырудың барабарлығына қол жеткізуде, арнаулы әлеуметтік қызметтердің қол жетімділігі мен әлеуметтік бағдарламаларды бюджеттендіру кезінде айтарлықтай қиындықтар т у ғ ы з а д ы .

Негізгі әлеуметтік қатерлер - кәріліктің, мүгедектіктің, асыраушысынан айрылудың туындауын жұмсарту мәселесін әлеуметтік қызмет көрсетуді дамыту ісінен бөліп қарауға болмайды. Қазіргі уақытта ол денсаулықты сақтау және жазатайым оқиғалардың алдын алуды; медициналық және білім беру қызметтерін; өндірісте зардап шеккен мүгедектерді оңалтуды; мүгедектер мен қарттарға арналған арнаулы қызметтер

көрсетуді; балалар күтімі мен үй тұрмысы жөніндегі және т.б. қызметтерді қамтиды. Әлеуметтік қызметтерді негізінен мемлекеттік органдар мен жергілікті мемлекеттік мекемелер жүзеге асырады. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге мемлекеттік емес сектордың қатысуы айтарлықтай емес.

Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған әлеуметтік қызметте жүйесі толық көлемінде және жеке адамдардың қажеттіктеріне сәйкес барлық мұқтаж адамдарға көмек көрсетілуіне кепілдік бере алмайтыны мойындауымыз керек. Әлеуметтік қызметтерді таңдау мүмкіндігі де шектеулі. Әлеуметтік мекемелердің басым үлгісі әлі де ірі интернат үйлері болып отыр, онда жалпыға ортақ күтім мен қамқорлықтағы адамдардың әлеуметтенуіне кедергі келтіретін оқшаулау тәртібі сақталып отыр.

Мүгедек балалармен жұмыстың заманауи нысандарының дамымауына байланысты, олардың күтімімен айналысатын ата-аналар заңды жұмыспен қамту жүйесінен тыс қалуда, бұл да өз кезегінде кедейлік проблемасын қиындатуда және олардың балаларының онсыз да шектеулі мүмкіндіктерін одан әрі тарылтуда.

Көрсетілетін қызметтердің көлемі мен сапасын және арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыруды белгілейтін әлеуметтік қызметтер көрсетудің негізгі стандарттары әзірленбеген; азаматтардың санаттары мен тегін және/не ақылы негізде көрсетілетін міндетті және қосымша қызметтердің тізбесі айқындалмаған.

Қосымша қаржыландыру көздерін тартуға, осы салада бәсекелестік ортаны қалыптастыруға және дамытуға жағдай жоқ.

Осыған орай, қарттықтың, асыраушысынан айрылу және мүгедектіктің туындауы салдарынан туындайтын қатерді басқару министрлік жұмысының төртінші стратегиялық бағыты болуға тиіс.

Бұл бағытта қабылданып жатқан шаралар әлеуметтік көмекпен және әлеуметтік қолдаумен толықтырылуда. Мұндай қолдауға шынайы қажеттілік елде сақталып отырған кедейлікпен байланысты. 2007 жылы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 12,7 %-ды құрады (2006 жылы - 18,2 %), ал ауылдағы кедейлік деңгейі 20% асты. Анағұрлым қамсыздандырылған 10% халықтың табысы анағұрлым төмен қамсыздандырылған 10% халықтың табысынан жеті есе артық болды, мұндай жағдай халықаралық өлшем бойынша қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіреді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 - 2007 жылдардағы Жолдауларына сәйкес кедейлік жағдайынан өз бетімен шығуға мүмкіндігі жоқ, халықтың анағұрлым мұқтаж буындарына берілетін атаулы көмекке баса назар аударылды. Осы мақсатта атаулы әлеуметтік көмек, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, тұрғын үй көмегі, отбасылық және балалар жәрдемақылары, жергілікті атқарушы органдардың шешімдері бойынша аз қамтамасыз етілген азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік төлемдер пайдаланылды.

Әлеуметтік саясаттың тағы бір маңызды басымдығы ана мен баланы қорғау болды және солай бола береді. 2006 жылы балалы отбасыларын қорғаудың жаңа жүйесі

енгізілді, ол бала туғанда берілетін 15 АЕК мөлшеріндегі біржолғы жәрдемақыны; бала бір жасқа толғанға дейінгі сараланған ай сайынғы бала күтімі жөніндегі жәрдемақыны (3-тен 4,5 АЕК дейінгі); аз қамтамасыз етілген отбасылардағы 18 жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны (1 АЕК); көп балалы аналарға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны (3,9 АЕК) қамтиды.

Алайда әлеуметтік қолдау саласындағы осындай оң өзгерістермен қатар, мынадай шешілмеген мәселелер де қалып отыр:

1. Кедейліктен шығу жөніндегі белсенді шаралар тиімділігінің төмендігі.
2. Кедейлік пен теңсіздіктің сақталуы.
3. Ауылдағы кедейліктің оқшаулануы.
4. Көп балалы отбасылардағы кедейліктің басымдығы.
5. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарының жетілдірілуі.

Бұл жағдайда табыстың белгіленген ең төменгі шекті деңгейінен төмен болуы қатерін басқару стратегиясы министрлік жұмысының бесінші стратегиялық бағыты болуға тиіс.

### **3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің стратегиялық бағыттары**

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың мақсаттарына сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары:

1. Жұмысынан (жұмысының болмауы) айрылу қатерін басқару.
2. Еңбек құқықтарының бұзылуы қатерін басқару.
3. Көші-қон процестерін басқару.
4. Қарттықтың, асыраушысынан айрылу және мүгедектіктің басталуы салдарынан туындайтын қатерді басқару.
5. Табыстың белгіленген ең төменгі шекті деңгейінен төмен болуы қатерін басқару.

#### **Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қызметінің стратегиялық бағыттары, даму мақсаты және негізгі индикаторлары**

**Ескерту. Кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.30 N 620, 2009.12.29 № 2211 Қаулыларымен.**

1-стратегиялық бағыты. Жұмысынан айрылу (жұмысының болмауы) қатерін басқару						
1.1-мақсат	Нысаналы индикатор	2007 ж. (есеп)	2008 ж. (жоспар)	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
Жұмысынан айрылу (жұмысының болмауы) қатерінің алдын алу	1. Жұмыспен қамту деңгейі, %-бен	92,7	93,0	92,0	93,0	93,5

Міндеттер	Көрсеткіштер					
1.1.1. Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу саласындағы заңнамасын жетілдіру	Азаматтардың еңбек бостандығын, кәсіп пен мамандық түрін еркін таңдау құқығын іске асыруды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу (2009 - 2010 жж.)					
1.1.2. Еңбек нарығының мониторингі және еңбек нарығындағы жағдайды болжау жүйесін жақсарту	1. Өндірістік күштердің дамуын және орналасуын ескере отырып жұмыс орындарын құрудың және олардың кадрлық қамтамасыз етілуінің бас тәсімін (теңгерімін) жасау (2010-2011 жж.) (ЭБЖМ, ИСМ, ЭМРМ, БҒМ, АШМ, ККМ, МАМ, ТСМ, СА бірлесіп); 2. Еңбек нарығы мониторингісін қамтамасыз ететін бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйе құру (2009 - 2011 жж.)					
1.1.3. Қайта құрылымдау, өндіріс көлемін қысқарту және банкротқа ұшырау салдарынан жұмыс күшін босатудың алдын алу	Жұмыспен қамтуды сақтау шаралары жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар әзірлеу (2009 ж.)					
1.1.4. Өңірлік еңбек нарықтарын дамыту және жұмыс күшінің аумақтық ұтқырлығын арттыру	Ішкі көшіп-қонушыларды "Нұрлы көш" бағдарламасы шеңберінде қоныстандыру және жайластыру (2010 - 2011 жж.)					
1.1.5. Халықтың жұмыспен қамту мәселелері жөнінде хабардар болуын арттыру	Ақпараттық-консультациялық қызметтермен қамтылған халықтың үлесі, ЭБХ %	5	10	15	20	
1.2-мақсат	Индикатор					
Еңбек ресурстарын дамыту	Еңбек ресурстарының құрамындағы білікті қызметкерлердің үлесі, %-бен	64,7	65,1	65,4	65,5	65,6
Міндеттер	Көрсеткіштер					
1.2.1. Кадр әлеуетін дамыту, кәсіби білім мен мыналардың: білім беру қызметтеріне мемлекеттік тапсырыс	1.Мемлекеттік тапсырыс негізінде даярланған мамандардың саны, мың адам, оның ішінде:					
	ЖОО-ы	27,1	33,1	31,4	31,8	32,9
	Колледждер	16,6	26,7	34,4	38,2	43,5
	Кәсіптік лицейлер	37,5	45,3	48,2	52,4	56,1
халықтың нысаналы топтарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесу	2. Кәсіби даярлауға және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыздардың және халықтың нысаналы топтарының өзге де өкілдері, мың адам	28,3	25,1	26,1	26,4	27,0
	3. Жұмыс берушілердің қаражаты есебінен кәсіби даярлауға және қайта даярлауға жіберілген адамдардың саны, мың адам	73,3	74,5	78,2	82,1	86,2
мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту негізінде жұмыс күшіне сұраныстың теңгерімділігін қамтамасыз ету						



(БҒМ, ЖАО бірлесіп)	4. ШЖК күшін ауыстыру мақсатында дайындалған жергілікті персоналдың саны, тартылатын ШЖК жалпы санына %	2	2	2	2	2
1.3-мақсат	Нысаналы индикатор					
Жұмыспен тиімді қамтуға жәрдемдесу	Жұмыссыздық деңгейі, %,	7,3	6,9	8,0	7,0	6,5
	оның ішінде:					
	әйелдер	8,7	8,5	8,5	8,3	8,0
	жастар	9,4	9,3	9,1	9,0	8,8
	Бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция "Жұмыс күшіне әйелдердің қатысуы" 7.10-тармағы	12	10	10	10	10
Міндеттер	Көрсеткіштер					
1.3.1. Қолданыстағы жұмыс орындарының тиімділігін арттыру және жоғары сапалы жаңа жұмыс орындарын ашу (ИСМ бірлесіп)	Өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің үлес салмағы, жалданған қызметкерлердің жалпы санына %	18,1	18,3	18,4	18,5	18,6
1.3.2. Азаматтардың жұмыссыздықтан қорғалу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету:						
Жол картасы іс-шараларының іске асырылуын ескере отырып жұмыспен қамтуға жәрдемдесу (ЖАО-мен бірлесіп);	Жұмысқа орналастырылған азаматтардың саны, мың адам	211,2	215,4	430,1	354,1	228,6
	оның ішінде:					
	әйелдер	106,3	102,8	176,8	106,8	108,8
	жастар	61,7	72,3	129,3	99,2	116,2
	«Жол картасы» шеңберінде			246,4	130,0	
	оның ішінде:					
әйелдер			70,7	21,7		
жастар			51,7	17,3		
халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамту, оның ішінде:	1. Қоғамдық жұмыстарға қатысқан азаматтардың саны, мың адам	110,5	98,2	101,4	94,7	93
аз қамтамасыз етілген;	оның ішінде:					
	әйелдер	72	63,8	65,9	61,5	60,5
21 жасқа дейінгі жастар;	жастар	11,8	13,5	16,2	17,6	20,1
балалар үйлерінің тәрбиеленушілері мен жетім балалар және	2. Әлеуметтік жұмыс орындары, мың адам	9,6	8,0	82,2	8,4	8,6

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 23 жасқа дейінгі балалар;	оның ішінде: әйелдер	5,1	4,2	43,4	4,4	4,5
кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыз басты, көп балалы ата-аналар және т.б.	3. "Жастар тәжірибесі" шеңберінде жұмысқа орналасқандардың саны, мың адам	5,6	2,6	48,0	3	3,3
қызметкерлерді жұмыстан айрылу қатерін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтуды кенейту	4. Жұмыстан айрылу қатерін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтылған қызметкерлердің саны жұмыспен қамтылғандардың %	65	67	70	75	75
жұмысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемнің ең жоғары кезеңін ұлғайту	5. жұмысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлем алатын босатылған қызметкерлердің саны, мың адам			60,0	60,0	

2-стратегиялық бағыт. Еңбек құқығының бұзылу қатерін басқару

2.1-мақсат	Нысаналы индикаторлар	2007 ж. (есеп)	2008 ж. (жоспар)	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
	Кәсіпорындардың үлесі: ұжымдық-шарттық қатынастар жүйесін қамтыған, қызмет ететін кәсіпорындардың санынан %	12	15	20	25	30
	қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасқандар, қызмет ететін кәсіпорындардың жалпы санына %	35	37	40	45	50
	Бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексындағы	52	63	60		55

Еңбек құқығының бұзылу кәтерінің алдын алу	позиция "Қызметкер - жұмыс беруші қатынасындағы ынтымақтастық" 7.1-тармағы				57	
Міндеттер	Көрсеткіштер					
2.1.1. Еңбек заңнамасын жетілдіру	Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу (2010 ж.)					
2.1.2. Еңбектің заманауи стандарттарын әзірлеу және енгізу	1. Келісілген еңбек үлгі нормалары мен нормативтердің саны, бірлік	43	44	30	45	45
	2. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың халықаралық стандарттарын енгізген кәсіпорындардың үлесі (МОТ-СУОТ-2001), қызмет ететін кәсіпорындардың жалпы санынан %	-	2	5	10	15
	3. Әзірленген және өндіріске енгізілген және/немесе нормативтік құқықтық актілерде пайдаланылған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау стандарттарының саны, бірлік	10	8	3	9	9
2.1.3. Еңбек қызметінің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету	1. Еңбек жағдайлары бойынша аттестатталған нысандардың саны, кәсіпорындардың саны	7335	8000	9500	11000	12500
	2. Зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің саны, мың адам	1450	1400	325	320	310
	оның ішінде:					
	әйелдер	550	530	74	72	70
2.2-мақсат	Нысаналы индикаторлар					
	1. Еңбек заңнамасын бұзушылықтарды жоюдың	80	80	85		90

	үлес салмағы, анықталған заң бұзушылықтардың жалпы санынан %				88	
Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау	2. Өндірістік жаракат деңгейі: өндірістік жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті 1000 адамға	0,7	0,7	0,67	0,64	0,61
	өндірісте өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті 1000 жұмыс істейтін адамға	0,09	0,09	0,085	0,080	0,075
	Бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция "Жұмыспен қамтудың икемсіздігі" 7.4-тармағы	22	22	22	22	22
	Бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция "Қабылдау және босату тәжірибесі" 7.5-тармағы	4	4	4	4	4
	Бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция "Жалақыны белгілеудің икемділігі" 7.2-тармағы	20	44	40	35	30
	Бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция "Еңбекақы және өнімділік" 7.7-тармағы	23	33	30	25	33
	Міндеттер	Көрсеткіштер				
2.2.1. Еңбекті нормалау жүйесін жетілдіру	1. Мемлекеттік органдар мен кәсіпорындарға көмек ретінде дайындалған еңбекті нормалау жөнінде әзірленген әдістемелік ұсынымдардың саны, бірлік	1	2	2	2	2
	2. Қайта қаралған ТББА, БА шығарылымдарының және экономиканың әртүрлі саларында қызмет ететін лауазымдардың біліктілік сипаттамасының саны (ЕурАзЭЖ ұсынымдарын ескере отырып), бірлік	2	7	10	12	12
2.2.2. Бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақы жүйесін кезең-кезеңмен жетілдіру	1. Бюджеттік сала қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін әзірлеу (2009 ж.) 2. Бюджеттік сала қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін әзірлеу және еңбекақысын арттыру (2010 - 2011 жж.)					
	1. БҰҰ еңбек қатынастары саласындағы Ғаламдық					

2.2.3. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру	шартының принциптерін ілгерілету жөнінде Келісімге қосылған қол қоюшылардың саны, кәсіпорындардың саны	-	300	230	450	500
	2. Бизнесінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде әлеуметтік жобаны іске асыру жөнінде ЖАО мен бизнес құрылымдар арасында жасалған меморандумдардың саны бірлік	-	3000	3100	3200	3300
2.2.4. Мемлекеттік еңбек инспекторларының қадағалау-бақылау қызметінің тиімділігін арттыру	1. МЕИ тексерулерімен қамтылған кәсіпорындардың үлес салмағы, кәсіпорындардың жалпы санына %	8	8	9	10	11
3-стратегиялық бағыт. Көші-қон процестерін басқару						
3.1-мақсат	Нысаналы индикаторлары	2007 ж. (есеп)	2008 ж. (жоспар)	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
Басқарылмайтын көші-қон қатерін алдын алу	1. Оралмандардың көшіп келу квотасы, мың отбасы	15	15	20	20	20
	2. Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота (ШЖК), ЭБХ %	0,98	1,6	0,75	1,8	2,8
	3. "Нұрлы көш" бағдарламасына қатысушылардың саны, отбасы	-	-	1051	11084	11084
Міндеттер	Көрсеткіштер					
3.1.1. Көші-қон заңнамасын жетілдіру	Қазақстан Республикасының Көші-қон саясаты тұжырымдамасын және "Нұрлы көш" бағдарламасын іске асыру үшін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу (2009 - 2010 ж.ж.)					
3.1.2. Халықтың көші-қоны мониторингін және болжауды жақсарту (ҰҚК және ПМ бірлесіп)	1. "Оралман" дерекқорын жасауды және оның "Бүркіт" дерекқорымен біріктіруді аяқтау (2011 ж. ) ; 2. "Нұрлы көш" бағдарламасына қатысушыларды есепке алуды қамтамасыз ететін бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйе құру (2011 ж.)					
3.1.3. Көші-қон заңнамасының сақталуын бақылауды қатаңдату	ШЖК тартатын кәсіпорындарды тексерулермен қамту, ШЖК тартатын кәсіпорындардың жалпы санына %	10	10	10,5	11	11,5
3.1.4. Шетелдердегі казак диаспорасы өкілдерінің арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу (СІМ бірлесіп)	1. Ақпараттық материалдар, бірлік	200	200	500	500	500
3.2-мақсат	Нысаналы индикаторлар					
Халықтың көші-қонын реттеу тетігін жетілдіру	"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу (2009 ж. )					

Міндеттер	Көрсеткіштер					
3.2.1. Ішкі еңбек көші-қоны процестерін тәртіпке келтіру (АШМ, ЭМРМ, ИСМ, БҒМ, ККМ, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдерімен бірлесіп)	Еңбек ресурстарына тапшы өңірлерге жұмыс күшін тартуды экономикалық ынталандыру тетігін әзірлеу (2011 ж.)					
3.2.2. Экономиканың басым салаларына және серпінді жобаларды іске асыруға жоғары білікті ШЖК тарту рәсімдерін жеңілдету	1. Тартылатын ШЖК жалпы санында I және II санаттағы ШЖК үлес салмағы, %	38,7	39,0	40,0	42,0	44,0
3.2.3. Этникалық және ішкі көшіп-қонушыларды өңірлердің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайын, ұлттық қауіпсіздікті күшейту мүддесін ескере отырып, қоныстандыруды оңтайландыру және ынталандыру	"Нұрлы көш" бағдарламасын іске асыру (2009-2011 ж.)					
3.2.4. Оралмандардың бастапқы бейімделуі мен кірігуі жағдайларын жақсарту	1. Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтарын салу, бірлік	-	-	1	-	-
	2. Кәсіптік оқумен қамтылған оралмандардың үлес салмағы, еңбекке қабілетті жастағы оралмандардың жалпы санына %	0,8	1,2	1,6	1,8	2,0
	3. Жұмысқа орналастырылған оралмандардың үлесі, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға жәрдемдесуі үшін өтініш берген еңбекке қабілетті оралмандардың жалпы санына %	65	65	67	70	72
	4. Меншігінде тұрғын үйі бар оралман отбасылардың үлес салмағы оралман отбасылардың жалпы санынан %	46	47	48	50	50
4-стратегиялық бағыт. Қарттық, мүгедектік, асыраушысынан айрылу және өзге әлеуметтік қатерлердің басталуы салдарынан туындайтын қатерлерді басқару						
4.1-мақсат	Нысаналы индикаторлар	2007 ж. (есеп)	2008 ж. (жоспар)	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.

Зейнетақы төлемдері мөлшерінің барабарлығын қамтамасыз ету	Табысты жиынтық зейнетақы төлемдерімен (базалық, ынтымақты және ЖЗҚ төлемдерімен) алмастыру коэффициенті %	29,0	37	40	43	45
Міндеттер	Көрсеткіштер					
4.1.1. Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі өлшемдерін жетілдіру	1. Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу (2009 ж.) 2. Зейнетақы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу (2009 ж.)					
4.1.2. Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру	1. Bazалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері, ЕТҚД шамасына %	34	40	40	40	50
	2. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері (ынтымақты зейнетақылар), өткен жылға %	108	126	125	125	130
	3. ЖЗҚ берілетін зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері (жинақтаушы зейнетақылар), өткен жылға %	-	-	-	108	107,5
4.1.3. Міндетті зейнетақы жарналарының ЖЗҚ-ға уақтылы түсуін қамтамасыз ету (Қаржыминімен бірлесіп)	Міндетті зейнетақы жарналары бойынша ЖЗҚ-ға берешекті азайту, міндетті зейнетақы жарналары сомасына %	6,4	3,6	3,2	3,0	2,5
4.1.4. ЖЗҚ зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз ету және инвестициялық кірісті арттыруға жәрдемдесу (ҚҚА және Қаржыминімен бірлесіп)	Инфляция деңгейіне индекстеуді ескере отырып, зейнетақы жарналары сомасы мен нақты зейнетақы жинақтары сомасының арасындағы айырманы төлеу, зейнетке шығатын зейнеткерлерге қатысты %	-	-	100	100	100
4.1.5. Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне әкімшілік етуді жетілдіру	1. МЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы біреуден артық шарты бар салымшылардың саны, млн. адам.	1,8	2,5	1,5	1,0	0,8
	2. Комиссиялық сыйақы көлемінің зейнетақы жинақтарының жалпы сомасына арақатынасы %	8,7	6,0	5,5	5,5	5,5
4.1.6. Әлеуметтік төлемдерді ұйымдастырудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету	1. Электрондық іс-қағаздар макетін қалыптастыру және жүзеге асырылатын төлемдерді электронды тағайындау тағайындалатын төлемдердің көлемінен %	-	-	80	90	100
	2. ЗТМО арқылы жүзеге асырылатын әлеуметтік төлем түрлерінің саны, бірлік	-	31	31	32	36

4.2-мақсат	Нысаналы индикаторлар					
Еңбек ету қабілетінен, асыраушысынан айрылған жағдайларда және заңнамада көзделген өзге де негіздемелер бойынша әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін арттыруға жәрдемдесу	1. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың орташа мөлшері, өткен жылға %	124	121	110,1	109,8	109
	2. МӘСҚ берілетін әлеуметтік төлемдердің мөлшері, өткен жылға % : еңбек ету қабілетінен айрылу жағдайы бойынша	129	123	123	123	123
	асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша	123	125	130	135	135
	Бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция "Жалақыдан басқа еңбек шығындары" 7.3-тармағы	88	56	56	56	56
	Бәсекеге қабілеттіліктің мемлекеттік индексіндегі позиция "Жұмыстан босатылуға қатысты шығындар" 7.6-тармағы	12	15	15	15	15
Міндеттер	Көрсеткіштер					
4.2.1. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі өлшемдерін жетілдіру	Міндетті әлеуметтік сақтандыру жөніндегі заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу (2010 ж.)					
4.2.2. МӘСҚ-ға міндетті әлеуметтік аударымдардың уақтылы түсуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу (Қаржыминімен бірлесіп)	МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті азайту, міндетті әлеуметтік аударымдардың сомасына %	1,9	3	2,5	2	1,5
4.2.3. Халықтың жекелеген санатына әлеуметтік қолдау көрсету	Әлеуметтік төлемдердің (мем. Арнайы жәрдемақы, СЯСП зардап шеккен адамдарға және саяси қуғын-сүргіндердің құрбандарына біржолғы төлемдер, жерлеуге төленетін жәрдемақы) мөлшері, алдыңғы жылға %	106	107	111	108	107,5
4.3-мақсат	Нысаналы индикаторлар					
Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру	Арнаулы әлеуметтік қызмет стандарттарын әзірлеу және енгізу:					
	мүмкіндіктері шектеулі балаларға, бірлік,			1		
	психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектерге, бірлік,				1	



	қарттар мен мүгедектерге, сондай-ақ тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларға, бірлігі.					2
Міндеттері	Көрсеткіштері					
4.3.1. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің құқықтық негіздерін құру	"Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру үшін нормативтік құқықтық актілер қабылдау (2009 - 2010 жж.)					
4.3.2. МЕҰ және бизнес құрылымдарды арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге тарту	Үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесімен қамтылған балалардың саны, қамтылмаған балалардың жалпы санынан %	-	-	3	12,7	17
4.3.3. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды стандарттау және сертификаттау жүйесін жетілдіру	Протездік-ортопедиялық бұйымдардың әзірленген және өндіріске енгізілген стандарттарының саны бірлік	-	-	3	2	1
5-стратегиялық бағыт. Белгіленген ең төмен шекті деңгейден төмен табысты азайту тәуекелін басқару						
5.1-мақсат	Нысаналы индикаторлар	2007 ж (есеп )	2008 ж. ( жоспар)	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
Ең төмен табыстың мемлекеттік кепілін іске асыру	1. Зейнетақының ең төмен мөлшері мен ең төмен күнкөріс деңгейі көлемінің арақатынасы	0,75	0,66	0,72	0,85	1,02
	2. Жалақының ең төмен мөлшері мен орташа мөлшерінің арақатынасы	0,18	0,21	0,22	0,23	0,24
Міндеттер	Көрсеткіштер					
5.1.1. Ең төмен күнкөріс деңгейін айқындау әдістемесін жетілдіру	1. "Ең төмен күнкөріс деңгейі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу (2011 ж.)					
5.1.2. Зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшерін арттыру	Зейнетақының ең төмен мөлшері, өткен жылға %-бен	-	109,2	125	125	130
5.1.3. Жалақының ең төмен мөлшерін арттыру	Еңбекақының ең төмен мөлшері, 2007 жылға %-бен	-	123,3	138,1	149,2	160,4
5.2-мақсат	Нысаналы индикаторлар					
Кедейлік деңгейін төмендетуге жәрдемдесу	Табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі, %-бен	12,7	12,9	13,2	11,5	10,0
Міндеттер	Көрсеткіштер					
	1. Кәсіптік даярлауға және қайта даярлауға жіберілген	8,1	11,6	18,4		29,8

5.2.1. Аз қамтамасыз етілген халықтың еңбек етуге қабілетті бөлігінің экономикалық белсенділігін ынталандыру	адамдардың үлесі, АӘК алатын жұмыссыздардың жалпы санынан %-бен				23,8	
	2. Аз қамтамасыз етілгендердің қатарынан жұмысқа орналастырылған жұмыссыздардың үлес салмағы, уәкілетті органдардың жәрдемдесуімен жұмысқа орналастырылған азаматтардың жалпы санынан %-бен	11,7	12,6	13,6	14,7	15,9
5.2.2. Әлеуметтік көмек және қолдау көрсетудің атаулылығын қамтамасыз ету және оның тиімділігін арттыру	"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және атаулы әлеуметтік көмек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру үшін нормативтік құқықтық актілер әзірлеу (2009 ж.)					
5.2.3. Балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау жүйесін дамыту	1. Бала тууына байланысты біржолғы жәрдемақы, алдыңғы жылға %-бен	106	214	111	117	107,5
	2. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі жөніндегі ай сайынғы жәрдемақы, алдыңғы жылға %-бен	106	164	111	131,5	107,5
	3. 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақы алдыңғы жылға %-бен	106	107	111	108	107,5
	4. Мүгедек балаларды тәрбиелеуші ата-аналарға, қамқоршыларға, теңге	-	-	-	14548	15639
5.2.4. Әлеуметтік көмектің деңгейін арттыру	1. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың орташа мөлшері, алдыңғы жылға %-бен	106	107	111	109	109
	2. АӘК-тің орташа мөлшері, алдыңғы жылға %-бен	114	106	105	105	105

## Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсатының мемлекеттің стратегиялық мақсатына сәйкестілігі

**Ескерту. Кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.30 N 620 Қаулысымен.**

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаты	Мемлекеттік органның қызметі бағытталған мемлекеттің стратегиялық мақсаты	Стратегиялық құжаттың, нормативтік құқықтық актінің атауы
1-стратегиялық бағыты. Жұмысынан айрылу (жұмысының болмауы) қатерін басқару		
	"4.1. Жұмыспен қамту саласындағы негізгі мақсат халықты неғұрлым толық түрде өнімді жұмыспен қамту болып табылады. Бұл мақсат екі қосымша мақсатқа қол жеткізуді: жұмыстан	"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан

<p>1.1-мақсат. Жұмысынан айрылу (жұмысының болмауы) қатерінің алдын алу</p>	<p>шығып қалу деңгейін азайтуды; жұмыссыз халықты жұмысқа орналастыру деңгейін арттыруды көздейді."</p>	<p>Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы Жарлығы</p>
<p>1.2-мақсат. Еңбек ресурстарын дамыту</p>	<p>"4.4. Жұмыспен қамту саласындағы саясат халықтың жұмыспен өнімді қамтамасыз етілу мақсаттарына сүйенгенде ғана табысты болуы мүмкін. Бұған еңбек ресурстары сапасын қамтамасыз ету арқылы ғана қол жеткізуге болады."</p> <p>"7. Индустриялық-инновациялық стратегияны жағдайда табысты іске асырудың ажырамас шарты отандық адами капиталдың өсу серпіні болып табылады... Стратегияны іске асыру оны өнеркәсіптік өндірістің инновациялық даму сұранысына тепе-тең жауап беретін білікті кәсіби мамандармен қамтамасыз етуге тікелей байланысты."</p>	<p>"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы Жарлығы</p> <p>"Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы</p>
	<p>"Ең пәрменді әлеуметтік саясат өнімді еңбекке ынталандыру және жаңа жұмыс орындарын жасақтау болып келді, әрі солай болып қала береді. Біз, ең алдымен, қандай да бір себептермен жұмысынан айрылып қалған адамдардың еңбекке оралуына нақты мүмкіндіктер туғызуымыз, олардың жаңа мамандық алуына жағдай жасауымыз керек. Сонымен қатар жастар ортасында жұмысшы мамандықтарының, әсіресе өнеркәсіптегі мамандықтың беделін асырып, кеңінен насихаттауды қайтадан қолға алуымыз қажет."</p> <p>"Жұмыспен қамтудың тиімділігін және жұмыссыздық деңгейін төмендетуді арттыру мақсатында: - кәсіптер (мамандықтар) бойынша жұмыс күшіне қажеттілікті орта және ұзақ мерзімді кезеңге кешенді жобалау; - жұмыссыздарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттырудың Өңірлік тұжырымдамасын және бағдарламасын әзірлеу жүзеге асырылатын болады. ... Сонымен қатар, заңнаманы кәсіби даярлау және бағдарлау құқығын беру бөлігін жетілдіру, сондай-ақ халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтыған бөлігін</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан - 2030" стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңі. Ішкі және сыртқы саясатымыздағы аса маңызды 30 серпінді бағыт" атты Қазақстан халқына Жолдауы</p> <p>"Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы</p>

жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

"4-ұзақ мерзімді басымдық.  
Халықтың әлеуметтік жағынан осал жіктерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу

1.3-мақсат. Жұмыспен тиімді қамтуға жәрдемдесу

Келесі бағдарламалар тобы халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған санатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бағдарламасы болуға тиіс: әйелдердің, жастардың жұмысқа тартылуын қамтамасыз ету."

Өңірлік жұмыспен қамтылуды және кадрларды қайта даярлауды қамтамасыз ету үшін мен Үкіметке кемінде 140 млрд. теңге бөлуді тапсырамын. Жергілікті бюджеттерден де жұмыспен қамту стратегиясын бірлесіп қаржыландыруға ресурстар бөлінуі тиіс. Жұмысынан айрылатындар үшін жаңа жұмыс орындарын құратын боламыз. Төртіншіден, бұл - әлеуметтік жұмыс орындарын кеңейту және жастар практикасын ұйымдастыру. Халықты жұмыспен қамту туралы қолданыстағы Заң бізге бюджет қаражатын осы мақсатқа пайдалануға мүмкіндік береді. Біздің бүгінгі міндетіміз - қазіргі бағдарламалардың шеңберін кеңейту. Осы мақсатқа қосымша 8,6 млрд. теңге бөлуді тапсырамын. Сонда біз 96 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етеміз.

Өңірлік жұмыспен қамтылуды және кадрларды қайта даярлауды қамтамасыз ету үшін мен Үкіметке кемінде 140 млрд. теңге бөлуді тапсырамын. Жергілікті бюджеттерден де жұмыспен қамту стратегиясын бірлесіп қаржыландыруға ресурстар бөлінуі тиіс. Жұмысынан айрылатындар үшін жаңа жұмыс орындарын құратын боламыз. Төртіншіден, бұл - әлеуметтік жұмыс орындарын кеңейту және жастар практикасын ұйымдастыру. Халықты жұмыспен қамту туралы қолданыстағы Заң бізге бюджет қаражатын осы мақсатқа пайдалануға мүмкіндік береді. Біздің бүгінгі міндетіміз - қазіргі бағдарламалардың шеңберін кеңейту. Осы мақсатқа қосымша 8,6 млрд. теңге

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан

	<p>бөлуді тапсырамын. Сонда біз 96 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етеміз.</p>	<p>жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауы</p>
<p>2-стратегиялық бағыт. Еңбек құқығының бұзылу қатерін басқару</p>		
<p>2.1-мақсат. Еңбек құқығының бұзылу қатерінің алдын алу</p>	<p>"3.8. Нақты іс жүзіне асыру 2006 жылы тұжырымдамасы барлық халықаралық стандарттарға, Халықаралық еңбек ұйымы мен Бүкіл әлемдік сауда ұйымының талаптарына сай келетін Еңбек кодексін қабылдау қ а ж е т . "</p> <p>"Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында орнықты дамуды қамтамасыз ету мынадай: өнеркәсіп орындарда халықаралық қауіпсіздік стандарттары мен еңбекті қорғауды енгізу; жұмыс берушілердің де, сондай-ақ жұмысшылардың да қауіпсіздік талаптарын сақтауы үшін қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін тарату мен жауапкершілігін арттыру; тәуекелді бағалау мен оларды басқару жөніндегі шараларды жүзеге асыру; қауіпсіздік нормаларының сақталуы үшін мемлекеттік бақылауды күшейту жүргізу жолымен жүзеге асырылады."</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы " Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында" атты Қазақстан халқына Ж о л д а у ы</p> <p>"Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы N 216 Жарлығы</p>
	<p>"III Қазақстан халқының әл-ауқатын а р т т ы р у</p> <p>"Нұр Отан" партиясының 5 жылға арналған сайлауалды тұғырнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің тұрмыс деңгейін алдағы уақытта да арттыра беру үшін бізде барлық негіз бар. Жаңа үш жылдық бюджет: бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен өсіру арқылы 2012 жылы 2 есе деңгейге, оның ішінде 2009 жылы - 25%, 2010 жылы - 25%, 2011 жылы 30% арттыруды қамтамасыз етуге тиіс;"</p> <p>"3.6. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің халықаралық</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 7 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауы</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "</p>

<p>2.2-мақсат. Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау</p>	<p>стандарттарын енгізу Бізге бизнестің әлеуметтік есептілігінің жалпыға ортақ ережесін әзірлеп, жалпыұлттық міндеттерді шешуде осы саладағы халықаралық озық тәжірибелерге сүйене отырып, оның әлеуметтік жауапкершілігін арттыратын уақыт келді деп ойлаймын. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің стандарттары БҰҰ-ның Жаһандық шартында айқындалған"</p> <p>"Бұл - корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Мұндай тәжірибе барынша кең таратылуға тиіс. Ал бұқаралық ақпарат құралдары оған барынша қолдау көрсетуі керек."</p>	<p>Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында" атты Қазақстан халқына Ж о л д а у ы</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 7 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауы</p>
<p>3-стратегиялық бағыт. Көші-қон процестерін басқару</p>		
